



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№12/194
21 наурыз



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



Наурыз

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ӘЗ-НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП ӨТІЛДІ



Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесіне орай Приозерск қаласының орталық алаңында ауқымды мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Мереке ұлттық дәстүрді дәріптеген «Наурыз керуенімен» бастау алып, қала көшелерімен жүріп өтіп, орталық алаңға жиналған тұрғындарға ерекше көңіл-күй сыйлады. Шараға 1000-ға жуық адам қатысып, ұлттық киім киген қала тұрғындары халық әндерін шырқап, мерекенің шынайы рухын сезіндірді.

Мерекелік шеру 1941–1945 жылдардағы “Жеңіс” аллеясынан бастау алып, орталық алаңға дейін жалғасты. Ұзындығы шамамен 2 шақырымды құраған шеру – ұлттық дәстүр мен бірліктің жарқын көрінісіне айналды.

Көштің басында Қыдыр ата мен Ұмай ана бейнесіндегі кейіпкерлер, ақсақалдар мен әжелер, қала белсенділері, түрлі мекеме қызметкерлері, әскери бөлім сарбаздары, білім беру ұйымдарының өкілдері және этномәдени бірлестіктердің мүшелері жүріп өтті.

Бұл – ұрпақтар сабақтастығын дәріптеп, ұлттық құндылықтарды на-

сихаттайтын, бірлікті нығайтатын тағылымды шара. Бұл керуен – халқымыздың бай тарихы мен салт-дәстүрінің айқын көрінісіне айналды.

Сахнада ұлттық рухты көтерген театрландырылған қойылым көрсетіліп, домбырашылардың күмбірілеген күйлері, әсем билер мен әндер мерекенің ажарын аша түсті. Сонымен қатар, Ұмай ана мен Қыдыр ата бейнелері арқылы халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрі кеңінен насихатталды.

Мерекелік шара барысында қала әкімі құттықтау сөз сөйлеп, Наурыз қарсаңында бірнеше отбасыға жаңа пәтер кілттері табысталды.

Қала тұрғындарының баспана жағдайын жақсарту мақсатында әлеуметтік осал санаттағы 1 отбасыға және көпбалалы 2 отбасыға жаңа пәтер кілттері салтанатты түрде табысталды. Аталған бастама – мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдаудың нақты көрінісі. Наурыз мейрамы қарсаңында берілген жаңа баспана әр отбасы үшін жаңа үміт пен жарқын болашақтың бастауы болмақ. Бұл — мерекенің

ең қуанышты әрі есте қаларлық сәттерінің бірі болды.

Орталық алаңда тігілген киіз үйлерде ұлттық тағамдар ұсынылып, қала тұрғындары мен қонақтары қазақ халқының кең дастарқанынан дәм татты. Мереке барысында көпшілік ән шырқап, би билеп, көтеріңкі көңіл-күйде Наурыз мейрамын қарсы алды.

Бұл игі шара бірлік пен татулықтың, жаңару мен жақсылықтың жарқын көрінісіне айналды.

Әрі қарай қала тұрғындары мерекелік алаңға жоспарланған ішараларға бет алды. Бұл кезде бағдарламадағы қой көтеру, арқан тартыс, асық ату, ләңгі сияқты ұлттық спорт түрлерінен жарыс жүріп жатты. Одан әрі ең басты қызыққа толы күрес сайыстары басталып жатқан болатын.

Қала халқы бұл ісшараға белсене қатысты. Мейрамды тамашалау үшін жиылған халық өздерінің көңіліне ұнаған жарыстарды тамашалап, кейбірі ән-күй, биден шашу шашылып жатқан бас сахнаны жағаласа, кейбірі ұлттық спорт тамашалады.

Спорттық жарыстардың барлық


түрлерінен жеңіске жеткендерді марапаттау рәсімі кешкі мерекелік бағдарламада жарияланды. Кешкі алаң жалтылдаған, түрлітүсті жарықтарымен көз тартса, сахнада шырқалған әндер әуені құлаққа жағымды естіліп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Сән-салтанаты келіскен, жарықтармен безендірілген сахна маңына жиналған жұрттың қарасы қалың болды.

Марапаттау рәсімінен кейін қаламызға қонақ ретінде және ән-сыйлығымен келген өнерпаздардың өнеріне кезек берілді. «Ақбаян» этно-театры, Шырақбек Серікұлы және эстрада жұлдызы Серікбол Сайлаубек қала тұрғындарына әсем әндерінен шашу шашты және керемет көңіл-күй сыйлады. Әз-Наурыз мейрамына арналған концерттік бағдарлама соңы жастарға арналған би кешімен жалғасты.

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, ырыс пен молшылық тілейміз!

Исатай М.

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КОНСТИТУЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНҒА ҚАТЫСТЫ



Ақордада өткен іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет қарауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Әнұраны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі.

Қымбатты отандастар!

Бүгін баршаңыз тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде өшпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдық. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім

келеді!

Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі.

Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпы-халықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек.

Бұл референдум берекелі бірлік пен ырысты ынтымағымыздың тағы бір өнегелі көрінісі және нышаны болды. Біз халқымызға тән нағыз отаншылдық рухын сезіндік, олардың риясыз қолдауына куә болдық.

Мемлекет тағдырына бей-жай қарамай, дауыс беру науқанына атсалысқан барша азаматқа зор алғыс айтамын!

Ұлт мүддесін терең түсініп, Ата заңды қолдап, дауыс беруді тарихи миссия санаған жұртшылыққа шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл орайда, Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда облыстарының және басқа да аймақтардың Ата заңды мақұлдап, дауыс берген тұрғындарына алғысымды айтқым келеді.

Сондай-ақ осы тұста Қазақстан жастарының ерекше белсенді болғанын атап өту қажет.

Олар заңға жазушы Әбіш Кекілбаев айтып кеткен «ұлттық жауапкершіліктің» озық үлгісін көрсетті. Мұны заңды құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданып отыр.

Бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы – жастарымыздың қолында! Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Жастарымыздың қарым-қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күшжігері мықты! Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да – сіздер! Бұған еш күмән жоқ! Бүгін төрге озып, тұғырына қонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болады. Себебі, бұл – келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат.

Осы орайда, мен Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталғым келеді. Комиссия мүшелері өте ауқымды, тиімді жұмыс атқарып, мемлекет пен қоғамның өзара сенімі және серіктестігі аса маңызды екенін айқын көрсетті.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері де қажырлы қызмет етті. Олар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, қажетті үгіт-насихат жұмысын ойдағыдай атқарды. Бүгін осы тарихи сәтке орай, мен Комиссия құрамында болған барша азаматқа және Коалиция мүшелеріне ерекше ризашылығымды білдіремін.

Еліміздің әр аймағы, ауданы мен қаласында қоғамдық белсенділер, олардың ішінде еріктілер, яғни, волонтерлер жоғары азаматтық жауапкершілік танытып, Халық Конституциясының қабылдануына зор үлес қосты. Баршаңызға рақметімді айтамын.

Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді

терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі. Заман талабына сай жаңғырған бас құжат мемлекеттігіміздің сан ғасырлық тарихынан хабар береді. Қазіргі Конституция нағыз Ұлт заңы деген атқа лайық. Оның өне бойында бабаларымыз аманат еткен елдік пен ерлік рухы, салт-дәстүр, жасампаздық және жаңашылдық ұғымдары тоғысқан.

Ата заң – мемлекет мүддесінің болаттай берік қалқаны. Конституциямыздың ең басты мақсаттары – жеріміздің тұтастығын, еліміздің Тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қоғамдық әділет пен заң үстемдігін нығайтуға кепілдік беру, сондай-ақ білім, ғылым, инновация мен мәдениетті дамыту, тазалықты дәріптеп, табиғатты қорғауды қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің бас құжаты – халық болмысының мызғымас нышаны, берекелі ауызбіршілігіміздің символы. Азаматтарымыз таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашады!

Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміздің дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар. Көп сөзбай бәріміз осы міндеттерді іске асыруға кірісуіміз керек.

akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕ ЖҰМЫС КЕҢЕСІН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен биыл 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру мәселесі жөнінде жұмыс кеңесі өтті.

Кеңеске Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Олжас Бектенов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан

Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Мержан Жиенбаев және Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев қатысты.

Президент бүгін «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы алда заңдар

мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін жаңа Конституцияға сәйкестендіру бойынша ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарының қызметін айқындайтын заңдарды түзеу қажеттілігіне назар аударды.

Жалпы, алты конституциялық заң және өзге заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу

жөнінде үш заң қабылдау қажет.

Конституция күшіне енетін күнді ескере отырып, тиісті заңдарды Парламент сессиясы аяқталғанға дейін қабылдау керек.

Мемлекет басшысы заңдарды сапалы әрі уақтылы әзірлеп, қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Үкімет заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді кешіктірмей түзеуге тиіс.

akorda.kz



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН АШЫҚ ЖҮЙЕ



Мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесі жыл сайын жетілдіріліп келеді. Осы бағытта Президенттік және Өңірлік кадр резервтері, меритократия қағидаты, сондай-ақ, конкурссыз тағайындау ерекше маңызға ие.

Президенттік кадр резерві

Бұл бастама талантты әрі білімді жастарды мемлекеттік қызметке тартуға бағытталған.

Аталған резервке іріктеу бірнеше кезеңнен тұрады. Үміткерлер алдымен онлайн тіркеліп, кәсіби және қабілеттік тестілеуден өтеді. Одан кейін ассесмент кезеңі, сарапшылық комиссиямен әңгімелесу және ұлттық комиссияның шешімі қарастырылады. Барлық кезеңдер ашық әрі әділ өтеді.

Резервке енген жастар орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда басшылық лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие болады.

Қарағанды облысы бойынша Президенттік жастар кадр резервіне 6 адам жолдама алғанын атап өтуге болады.

Өңірлік кадр резерві

Еліміздің дамуына үлес қосатын, білікті басқарушыларды қалыптастыруға бағытталған стратегиялық жоба.

Өңірлік кадр резервіне іріктеу барысында кандидаттардың білім деңгейі, жұмыс тәжірибесі, басқарушылық қабілеті дағдылары бағаланады. 2025 жылы резервке Қарағанды облысынан 25 адам іріктелді.

Конкурссыз тағайындау

Мемлекеттік қызмет жүйесінде Өңірлік кадр резервінде тұрған мамандарды қызметке тарту үшін конкурссыз тағайындау тетігі де қарастырылған. Бұл механизм білікті кадрларды мемлекеттік органдарға жедел тартуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Өңірлік кадр резервінен 12 адам мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметке кіру процесін жеңілдету мақсатында

2022 жылы мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға өзгерістер енгізілді.

Енді жоғары оқу орнын мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары көрсеткішпен бітірген түлектер (академиялық нәтиже GPA 3,33) мемлекеттік қызметке ауылдық аудандық деңгейдегі лауазымдарына (басшылық емес лауазымдарына) конкурссыз орналаса алады.

Бұл бастама жастарға ауылдық жерлерде жұмысқа орналасуға бағытталған.

2024 жылы – 18, 2025 жылы 19 жас түлек мемлекеттік қызметке осы тәсіл арқылы конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

Меритократия қағидаты

Мемлекеттік қызметке білімді әрі қабілетті жастарды тарту, сондай-ақ, оларды қабілеттеріне және жетістіктеріне қарай меритократия жолымен тағайындау жүзеге асырылуда.

2025 жылы Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарында 167 басшылық лауазымына 87 (52%) мемлекеттік қызметші меритократия қағидаты негізінде тағайындалды.

Ал орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімдерінде 98 басшылық лауазымның 45-іне (46 %) осындай тәртіппен тағайындау жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тоқсан сайын жоғары нәтижеге бағаланған мемлекеттік қызметшілер конкурстық рәсімдерсіз жоғары лауазымдарға тағайындалу мүмкіндігіне ие.

Аталған бастамалар мемлекеттік басқару жүйесіне жаңа буын кәсіби мамандарын тартуға, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын тиімді кадрлық саясат қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Б.Макеев

МҚИА Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары,

Әдеп кеңесі хатшылығының меңгерушісі

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ



2025 жылы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру, заңдылық пен әдеп қағидаттарын нығайту, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау

2025 жылы Департамент тарапынан 134 бақылау шарасы жүргізіліп, 2217 заңбұзушылық анықталды, 32 ұсыныс енгізілді. Нәтижесінде 5 мемлекеттік қызметшінің және 10 азаматтың құқықтары қалпына келтірілді.

Әдеп мәдениетін нығайту мақсатында 73 семинар мен кездесу өткізілді. Әдеп жөніндегі кеңестің 10 отырысында 49 мәселе (76% профилактикалық сипатта) қаралып, тиісті ұсыныстар берілді.

Еңбек демалысына байланысты төлемдердің уақытында берілмеуі фактілері бойынша Департаменттің араласуы нәтижесінде 146 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Жұмыс уақытын бақылау барысында 180 қызметшінің үстеме жұмысқа тартылғаны анықталып, демалыс сағаттары берілді.

Сонымен қатар, тәртіптік жазаларды қолдану тәртібінің бұзылуы бойынша 3 қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Азаматтардың өтініштері

Жыл ішінде 612 өтініш түсті, оның 74%-ы қаралып, қалғаны тиісті уәкілетті органдарға жолданды.

Мемлекеттік қызметке қабылдау
2025 жылдың 12 айы ішінде 2700 бос лауазымдарға орналасуға конкурс жарияланды. Қайта даярлау және біліктілігін арттыру курсынан 1712 адам өтті.

«Мемлекеттік қызметші мектебі» жобасын Қарағанды облысының 4

жоғарғы оқу орнының 20 студенті сәтті аяқтады.

А.ж. 12 айында 87 кездесу (жоғарғы оқу орындарында студенттермен кездесу, бос орындар жәрмеңкесі және т.б.) өткізілді.

Өңірлік кадр резервінен 12 адам мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз орналастырылды.

Жоғары көрсеткішпен бітірген 19 түлек (академиялық нәтиже GPA 3,33) аудандық деңгейдегі лауазымдарға конкурссыз орналасты.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Облыста 364 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі. 2025 жылдың 12 айында 17 729 214 қызмет көрсетілген, оның 98,4%-ы электрондық форматта жүзеге асырылды.

Тексеріс іс-шаралары барысында 43 субъектіні қамтитын 5021 заңбұзушылық анықталып, мемлекеттік қызмет сапасын арттыру мақсатында 23 ұйғарым енгізіліп, барлығы орындалды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу


2025 жылы 3 сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сыртқы талдау, 4 мониторинг жүргізіліп, 11 ұсыныс әзірленді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 215 іс-шара (семинар, конкурс) ұйымдастырылды.

Имидждік және қоғамдық жұмыстар

Спорттық және мәдени іс-шаралар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы квиздер мен конкурстар, белсенді азаматтарды марапаттау және «Smart Compliance: Заң және тәртіп» орталығы сияқты инновациялық жобалар қолдау тапты.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ИНДЕТ, ЖОЮ МІНДЕТ



Жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына үлкен кедергі келтіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол қоғамдағы әділдік қағидаларын бұзып, экономикалық өсімді тежейді және халықтың билікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан жемқорлықпен күресу және оның алдын алу – әрбір ел үшін стратегиялық маңызды міндет.

Жалпы алғанда, жемқорлық – лауазымды тұлғалардың өз өкілеттіктерін жеке пайдасына заңсыз пайдалануын білдіреді. Оның негізгі түрлеріне пара беру, пара алу, қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану және туыстық байланыстар арқылы заңсыз артықшылықтарға қол жеткізу жағады. Мұндай әрекеттер қоғамда теңсіздік туғызып, заң үстемдігіне нұқсан келтіреді.

Қазақстандағы жемқорлық деңгейін халықаралық ұйымдар да бағалап отырады. Мысалы, Transparency International ұйымының деректеріне сәйкес, Қазақстан 2025 жылы сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексында шамамен 38 балл жинаған. Бұл көрсеткіш 50 баллдан төмен болғандықтан, елде жемқорлық мәселесі әлі де өзекті екенін көрсетеді. Дегенмен, Қазақстан кейбір көрші мемлекеттермен салыстырғанда біршама жоғары нәтиже көрсетіп отыр.

Жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен оның себептерін жою қажет. Негізгі себептерге мемлекеттік басқарудағы ашықтықтың жеткіліксіздігі, бақылау жүйесінің әлсіздігі, азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі жатады. Осы мәселелерді шешу арқылы ғана жемқорлық деңгейін төмендетуге болады.

Қазақстанда жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі түрде жүргізілуде. Мемлекет арнайы стратегиялар мен бағдарламалар қабылдап, заңнаманы жетілдіруде. Соның бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы, ол мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға және алдын алу шараларын күшейтуге

бағытталған. Сонымен қатар арнайы уәкілетті орган – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жұмыс істейді, ол жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау және алдын алу шараларын жүзеге асырады.

Соңғы жылдары алдын алу шараларына ерекше көңіл бөлінуде. Мысалы, 2025 жылдың алғашқы тоқсанында ғана уәкілетті органдар 67 талдау жүргізіп, жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша 500-ден астам ұсыныс енгізген. Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу саласында бақылау күшейтіліп, миллиардтаған теңгенің тиімсіз жұмсалыуына жол берілмеген. Бұл нақты нәтижелер алдын алу шараларының тиімділігін көрсетеді.

Бұдан бөлек, цифрландыру да жемқорлықтың алдын алудың маңызды құралына айналды. Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі адам факторын азайтып, ашықтықты арттырады. «Электронды үкімет» жүйесі арқылы көптеген қызметтер онлайн көрсетіліп, пара беру мүмкіндігі төмендеуде.

Қоғамдық бақылау да маңызды рөл атқарады. Азаматтардың белсенділігі, бұқаралық ақпарат құралдарының ашықтығы және әлеуметтік желілердегі пікірлер жемқорлық фактілерін анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар білім беру жүйесінде адалдық қағидаларын насихаттау – болашақ ұрпақтың жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, Қазақстанда жемқорлықпен күрес бағытында бірқатар маңызды жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен бұл мәселені толық жою үшін тек мемлекеттік органдардың әрекеті жеткіліксіз. Әрбір азамат заңды құрметтеп, адалдық қағидаларын ұстанғанда ғана жемқорлықсыз қоғам құруға болады. Жемқорлыққа қарсы күрес – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Приозерск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасы

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің функцияларының біріне мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ, көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтары және заңды мүдделерін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау кіреді.

Осы бағытта Департаментпен Қарағанды қаласы әкімдігі тарапынан жер учаскесіне уақытша жер пайдалану құқығын беруден бас тарту негізінде жоспардан тыс тексеріс жүргізіліп, тиісінше Әкімдікпен шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының Жер кодексі талаптарының бұзылғаны анықталды.

Атап айтқанда, меншік иесіне тиесілі жылжымайтын мүлік объектісін пайдалану үшін жер учаскесін конкурс (аукцион) өткізбей беру мүмкіндігін көздейтін заңнама нормалары ескерілмеген.

Тексеріс нәтижелері бойынша Департамент тарапынан тиісті ден қою шаралары қабылданып, көрсетілетін қызметті алушының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мақсатында өтінішті қайта қарау бастамасы көтерілді.

Нәтижесінде Әкімдік тарапынан жер учаскесіне уақытша жер пайдалану құқығын беру туралы оң

шешім қабылданды.

Өз кезегінде, Агенттіктің бастама-сымен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын қоғамдық бақылаудың тиімді цифрлық құралы - «EgovKZBot» Telegram-боты іске қосылған.

Аталған бот арқылы азаматтардың кез келген уақытта және кез келген жерде смартфон арқылы мемлекеттік органдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне қатысты шағым немесе ұсыныс жолдау мүмкіндігі бар.

Сондықтан, мемлекеттік органдар тарапынан мемлекеттік қызмет алу барысында бұзушылықтар орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне немесе «Egov KZBot» Telegram-ботына жүгінуге болады.

Жалпы, осындай бақылау шаралары мен азаматтардың Telegram-бот арқылы жолдаған өтініштерін қарау нәтижесінде Департамент тарапынан а.ж. 1 тоқсанында шамамен 35 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Е. Сагиндиқов
МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының басшысы

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru | Таралымы: 500 дана | Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 | QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №12/194, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.